

ӘОЖ 37.072-062

**«ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТ» КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАҢА 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАШЫҚТАН
ЖӘНЕ АРАЛАС ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ**

ӘШІРБЕКОВА Гүлмира

ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аңдатпа. Мақалада жоғарғы оқу орнында онлайн білім берудің ерекшелігі, соңғы талаптарға сәйкес енген оқытудың жаңа әдістері туралы айтылады. Студенттерді қашықтан оқытуда цифрлық технологияны қолдану, яғни әртүрлі платформаларды, бағалауға арналған бағдарламалардың маңыздылығына тоқталады.

Кілт сөздер: қашықтан оқыту, онлайн білім беру, оқытуда цифрлық технологияларды қолдану, цифрлық оқыту технологиясы.

Жаһанды жайлаған пандемия білім беру саласына көптеген өзгерістер мен жаңалықтарды енгізуде. Осы уақытқа дейін қашықтан оқыту жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде қолданылып келсе, қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық деңгейін қамтып отыр. Цифрлық оқыту технологиясын пайдалану бүгінгі күні әлемдік трендке айналды.

Цифрландыру жоғары оқу орындарының оқыту қызметін жаңа форматқа ауыстырып, әрбір университеттің оқу процесін ұйымдастыру мазмұны мен құрылымын жаңаша құруды көздейді. Сонымен бірге жоғары оқу орындарының танымалдылығын арттырады. Әрине, цифрлық оқыту технологиясын дамыту мен оқытудың жаңа әдістері қаржыны қажет етеді. Жоғары білім беруде кәсіби білікті оқытушылар құрамының да алатын орны ерекше. Сондықтан да қашықтан оқытуды ұйымдастыруда профессор-оқытушыларының құрамының дайындығын пысықтау аса маңызды.

Бұл орайда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 2020 жылдың 6-18 сәуір аралығында қашықтан оқытудың сапасын арттыру үшін Болгарияның Русен университетімен бірлесіп, «Пандемиядан кейінгі білім беру жүйесінің дамуын болжау» HiedTec халықаралық жобасы аясында біліктілік арттыру курсы өткізді. Біліктілік арттыру курсы барысында инновациялық оқыту технологиялары, білім беру және цифрлық ұрпақ, виртуальды сынып, виртуальды зертхана, виртуальды кітапхана жасақтау, видеоконференция ұйымдастыру, видеолекция жазу, презентацияны тиімді дайындаудың әдістері,

интерактивті мультимедиалық оқу материалдары жайлы ақпарат берілді. Жаңа оқу жылына дайындықты пысықтау мақсатында профессор-оқытушылар құрамының цифрлық сауаттылығын дамыту мақсатында біліктілік арттыру курстары ұйымдастырылуда. Мұның барлығы университеттің білім сапасы мен кәсіби біліктілікті арттыруға ерекше мән бергендігінің дәлелі.

Журналистика және ақпарат бағыты бойынша қашықтан және аралас оқыту кезінде білім алушылардың шығармашылық құзыреттілігін дамыту, сыни ойлау дағдысын қалыптастыру, сараптама жасауға үйрету, ақпараттың шынайылығын анықтай алуға бағыттау керек. Өйткені пандемия кезінде фейк ақпараттың көптігінен, олардың шынайы немесе жалған екенін анықтау қиындық туғызды. Осы орайда білім алушылардың медиасауаттылығын дамытудың ерекшелігін атап өткеніміз жөн. Медиасауаттылық – ең алдымен әрбір адамның өзіне қажетті ақпаратты дәл тауып, сұрыптап пайдалана білуі. Сондықтан «Медиасауаттылық» курсы тек журналистика және ақпарат саласына ғана емес, барлық білім беру бағдарламаларына аса қажет деп білеміз. Олай деуіміздің басты себебі, оқыту негізінен жеке немесе тұлғалық процесс, ал қашықтан оқытуда бұқаралық ашық онлайн курстар, «flipped classroom» (төңкерілген сынып), виртуальды зертханалар білім алушының белсенді әрекетін қажет етеді. Яғни, әрбір білім алушы оқу процесінде өзіне қажетті білімді жинай білуі тиіс.

Қазіргі таңда әлем ғалымдары қашықтан оқытуға байланысты жан-жақты зерттеу еңбектері мен түрлі оқыту технологияларын ұсынып, оқытудың түрлі платформаларын жасауда. Мәселен, И.Левин жаңа оқыту жүйесін үш деңгейде қарастырады. Оның пікірінше, әлеуметтік желілер қоғамдық пікірдің жаңа формасы, тұлғалық онлайн-бірегейлік даралықты қалыптастырудың жаңа әдісі, мәліметтерді интенсивті пайдалану ғылымы жаңа әдіснамалық парадигма[1]. Аталған үш құбылыстың үшеуі де маңызды. Әлеуметтік желілердің контент жағынан әртүрлі болуы білім алушылардың тұлғалық қасиетін дамытуға бағытталса, білім берудің мазмұнын, оқу жоспарын, білім беру ортасын жаңартады. Ғалымдар Д.Бауден мен Л.Робинсон ақпараттық ортадағы жаңа тенденциялар, жаңа модельдер білім беру саласына, мамандар дайындауға айтарлықтай әсер ететінін атап өтеді. Осы тұжырымды ескерсек, білім беру саласының ақпараттық жүйесінің болашағы зор деуге болады.

Қашықтан оқыту білім беру саласында көп мүмкіндіктерге жол ашады. Әрбір университет әрбір білім алушы үшін бәсекеге түседі. Білім беру платформаларын миллиондаған адамдар пайдаланады. Жоғары оқу орындарының онлайн оқыту, мобильді оқыту, аралас оқытуда қолданылатын озық технологиялары маңызды рөлге ие.

Қашықтан оқытуда мына мәселелерді атап өткеніміз абзал. Біріншіден, инновациялық технологиялады пайдалану, екіншіден, қашықтан оқытудың маңызы – интерактивтілік, үшіншіден, оқу процесін автоматты басқару көмегімен кері байланыстың қамтамасыз етілуі, төртіншіден, кез келген курстың басты элементі – мотивация, бесіншіден, қашықтан оқытудың құрылымы модульдік жүйеге негізделуі керек.

Американың «Babson Survey Research» зерттеу тобы бірнеше білім беру мекемелеріндегі аралас оқытуды сараптап, мынадай төрт моделін анықтаған:

- Rotation моделі – белгіленген кесте бойынша басқа әдістерді сәйкестендіре отырып онлайн оқыту;

- Flex моделі студентке ыңғайлы жеке кесте ұсынылады және онлайн оқыту басым;

- A la carte моделі студенттің қалауы бойынша онлайн және офлайн оқытуды үйлестіреді;

- Enriched Virtual моделі жоғары деңгейде ұйымдастырылған және ынталы студенттерге арналған, қашықтан оқытуға жарамды, толыққанды оқу дербестігін ұсынады [2].

Қашықтан оқыту платформаларына келетін болсақ, пандемия кезінде ең көп қолданылған Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom, Bigbluebutton, білім алушыларды бағалау үшін Socrative, Edpuzzle, Mentimeter, білім алушылардың өзіндік жұмыс жасауы үшін Calameo, Bandicam, Pruffme, Onlinetestpad, Kahoot және т.б. пайдалануға болады.

Қашықтан және аралас оқыту кезінде оқытушы білім алушыларға педагогикалық жағдай жасай білуі керек. Атап айтар болсақ, тапсырмаларды анық және оларды орындауды нақты түсіндіру, сондай-ақ, кеңес берудің бірнеше түрін таңдауға мүмкіндігі болғаны абзал. Оқытуда жағымды мотивация беру де маңызды. Тапсырманы орындаудың формасын, жұмыс көлемін, орындау мерзімін нақты көрсете білуі керек. Бағалау критерийлерін жақсы меңгеруі тиіс. Сонымен бірге жаңа білімді тұлғалық құндылық ретінде қабылдағаны жөн.

Практикалық және студиялық сабақтарды ұйымдастыруда студенттердің белсенді қатысуы маңызды. Ол үшін жоғарыда аталған «төңкерілген сынып», ментальды карта, онлайн филфорд, сыни тұрғыдан ойлау мен жазуды дамыту стратегияларын кеңінен пайдаланса, білім алушылардың қызығушылығы арта түспек.

Студенттің өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастыруда оны дұрыс жоспарлай білу, оқу материалдарымен жұмыс жүргізу, сабақтың құрылымы мен өзін-өзі бақылауына ерекше мән берілуі керек.

Қорыта келгенде, қашықтан және аралас оқытуда әрбір студентке шығармашылық еркіндік бере отырып, олардың теориялық білімді толық игеріп шығуына жағдай жасауды мақсат еткен дұрыс. Бұл орайда оқытушы мен студент арасында белсенді коммуникативтік байланыстың орнауы маңызды. Пәннің ерекшеліктеріне қарай білім алушылардың нақты ақпарат алуына, тың материалдармен танысуына бағыт сілтеп, мультимедиалық құралдарды, электронды кітапхана қызметін кеңінен пайдаланған жөн. Сондай-ақ, профессор-оқытушылардың электронды оқу құралдарын, шетелдік әріптестермен бірлескен әдістемелік нұсқаулықтар, оқулықтар дайындау қажеттігі туындап отыр. Осы бағытта баспасөз және баспа ісі кафедрасы Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Франциядағы әріптестермен жаңа жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырғанымызды айта кеткен жөн. Әсіресе шетелдік әріптестердің онлайн дәрістерін, видеоконференциялар ұйымдастыру білім алушылардың қызығушылығын арттырады.

Бір сөзбен айтқанда, пандемия көптеген қиындықтар туғызғанымен, қоғамға жаңа мүмкіндіктерге жол ашқанын мойындауымыз керек. Қазіргі таңда әрбір азамат білім алудың, өзінің орнын табудың жаңа тәсілдерін қарастыруда. Сондықтан жоғары оқу орнында қызмет ететін профессор-оқытушылар құрамы білім берудің жаңа технологияларын терең меңгергені – ең өзекті мәселе.

Қорыта келгенде, қашықтан оқытуда білім сапасы мен мазмұнына мән беру маңызды:

- журналистика және ақпарат бағыты бойынша кадарлар дайындауда Stepik, Arzamas, Coursera, Youtube секілді платформаларда подкаст, видеолекция, вебинар сабақтарын дайындап, профессор-оқытушылар мен тәжірибелі мамандардың танымалдылығын арттыру;

- шетелдік әріптестердің онлайн лекцияларын, видеоконференция, вебинарларын ұйымдастырып, академиялық ұтқырлық бағдарламасын белсенді жүзеге асыру;

- мультимедиалық құралдарды, электронды кітапхана қызметін кеңінен пайдалану;

- электронды оқу құралдары мен оқулықтарын дайындауды ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Левин И. Академическое образование в эпоху цифровой культуры. Труды социальных медиа в академических кругах: Международная научно-педагогическая (SMART) конференция, 6 – 8 июня, Бакзу (Румыния), 2013.

2. Научно-исследовательский Институт Клейтона Кристенсена (The Clayton Christensen Institute for Disruptive Innovation). – URL: <https://www.panopto.com/blog/4-models-of-blended-learning/>

Аширбекова Г.

Заведующий кафедрой Печати и издательского дела
Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева,
к.ф.н.

Организация учебного процесса в условиях дистанционного и смешанного обучения в новом 2020-2021 учебном году по направлению подготовки кадров «Журналистика и информация»

Аннотация. В статье поднимаются вопросы о специфике онлайн образования в высших учебных заведениях, новых методах обучения, внедренных в соответствии с последними требованиями. Использование цифровых технологий дистанционного обучения студентов заключается в важности программ для оценки различных платформ.

Ключевые слова: дистанционное обучение, онлайн обучение, использование цифровых технологий в обучении.

Ashirbekova G.

candidate of philology, Head of the Department of Printing and publishing
L. N. Gumilyov Eurasian national University

Organization of the educational process in the conditions of distance and mixed learning in the new 2020-2021 academic year in the field of training «Journalism and information»

Abstract. The article raises questions about the specifics of online education in higher education institutions, new teaching methods implemented in accordance with the latest requirements. The use of digital technologies for distance learning of students lies in the importance of programs for evaluating various platforms.

Keywords: distance learning, online learning, use of digital technologies in education.